

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
Ильич орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жомартова Анар Шәріпжанқызы

Сабақтың тақырыбы: «Қазақстан Республикасының рәміздері»

Сабақтың мақсаты: 1. Білімділік: Оқушылардың Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін толықтыра отырып, бір жүйеге келтіру.

2. Дамытушылық: тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, ой-өрістерін арттыру, өз пікірін айтуға дағдыландыру.

3. Тәрбиелік: оқушылардың отансүгіштік сезімдерін тәрбиелеу.

Сабақтың типі: сайыс сабақ

Сабақтың әдістері: топпен жұмыс, әңгімелеу, сыни тұрғасынан ойлау, сатылай кешенді талдау.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Оқушыларды түгендеу.

Үй тапсырмасын тексеру.

Жаңа сабақ.

Балалар, сабағымызды бастамастан бұрын тақтада жазылған мақал-мәтелді оқып, орыс тіліне аударайық.

«Найзасыз –ер болмайды ,

Таңбасыз-ел болмайды.»

Мақал бойынша өз пікірлерін айту:

«Таңбасыз ел болмайды» - дегенінді қалай түсінесіңдер? (Сұраққа жауап беру.)

Мақалды бірнеше рет мәнерлеп оқып, дәптерге көшіріп жазу.

Сонымен балалар, бүгінгі біздің сабақтың тақырыбы: «Қазақстан Республикасының рәміздері».

Әр дербес елдің өз белгілері бар - олар рәміздер.

Мұғалім сабақ сайыс түрінде өтетінді айтады.

Сынып үш топқа бөлінеді. Ол үшін мен алдын ала суреттер дайындап аламын. Суреттер 3 түрлі болады. Балаларды суреттер бойынша үш топқа бөлеміз.

Топтық жұмыс.

I топ «Мемлекеттік Ту» мәтінін, II топ «Қазақстан Республикасының Елтаңбасы» мәтінін, III топ «Қазақстан Республикасының Әнұраны» мәтінін алады.

1. тапсырма

Әр топ өз мәтінінің мазмұнын дайындайды. Мәтіннен жаңа сөздерді теріп жазып, аударды. Әр түрлі сөз тіркестерін құрастырады.

2. тапсырма

«Данышпан сандық» ойыны.

Сандықтан әр топқа орыс тілінде сұрақтар жазылған, сол сұрақтарды аударып, дұрыс жауап беру керек.

I - топқа

1. Кто автор Государственного Флага?
2. Какого цвета Флаг?
3. Что изображено на Государственном Флаге?

II - топқа

1. Назовите авторов Государственного Герба?
2. Что обозначает изображение крылатых коней?
3. Перечислите, что изображено на гербе ?


III - топқа

1. В каком году изменили текст гимна?
2. Кто написал музыку государственного гимна?
3. Назовите авторов текста государственного гимна?

3. тапсырма

Әр топ мәтін бойынша кластер дайындайды. Кластер бойынша әңгімелейді.


I –топ



Авторы Ш.Ниязбеков

Ою-өрнек бейнеленген


II-топ



Авторлары Ш.Уәлиханов

Ж.Мәлибекұлы
шаңырақ бейнеленген

III-топ



2006 жылы

4. тапсырма


«Арқан тартыс» ойыны.

Әр топқа сатылай кешенді талдауды орындау.

Оқушылар тақтаға шығып, әр сатын рет-ретпен орындайды.


I-топ

Рәміз-сөзіне фонологиялық сатылай кешенді талдау жасау.



II-топ

Сөз құрамына лексика-грамматикалық мағынасына талдау



1.Өткен шақ

2.Ашық рай

→ 9.Синтаксистік қызметі.Сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады.

III-топ

Сөз құрамына лексикалық-грамматикалық мағынасына талдау.

Бес

→ 1. Бұл сөз бір құрамынан тұр: бес

→ 2. Тұлғасына қарай –негізгі түбір

→ 3. Құрлысына қарай -дара

→ 4. Сөзде бір лексикалық ,бір грамматикалық мағына бар.

→ 5. Лексикалық мағына-заттың есептік мағынасын білдіреді.

→ 6. Грамматикалық мағына-лексикалық мағынаның жалпылауынан жасалған жалпы грамматикалық мағына – сан есім.

→ 7. Бес - қанша? Деген сұраққа жауап береді.

→ 8. Мағынасына қарай - есептік сан есім.

Сабақты бекіту ретінде бес жолды өлең жазу әдісін қолданамыз.

Бес жолды өлең

- Кім?(зат есім)1 сөз
- Қандай? (сын есім)2 сөз
- Қайтті?(етістік) 3 сөз
- Сөйлем (не туралы) 4 сөз
- Қорытынды сөз 5 сөз

Сабақты қорыту: оқушылар топ ішінде бір-бірін бағалайды.

Бағалау: ұпайдық өлшеммен.